

**КАЗАК
ГАЗЕТТЕРІ**



6 маусым — Орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің туғанына 200 жыл (1799 — 1837) ПУШКИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Академик Зәки АХМЕТОВ



Александр Сергеевич ПУШКИН-нің өмірі мен енерпаздық жолы азаттық, адамгершілт ідеялары үшін айнай күрсек жолы болды. Сөз енерін дәүірінің озат тілек-максаттарымен шұғастыра білуі оған әдебиетте тың жол табуга, бүкіл елдің, орыс халқының әдебиетін жаңа арнаға бұрып, жаңаша дамытты, еркендегіне мүмкіндік берді. Пушкин сан алған жаңылары түрлерді еркін менгерді. Эр кіліп лирикалық, олең, поэма, әңгіме, повесть, тарихи роман, өлеңмен жазылған роман, ұсақ та, кесек те драмалық шығарма - міне, осылардың қайсысын колға аласа да, ол үлкен көркемдік шеберлік танытты. Сол дәүірдегі орыс әдебиетінің Пушкин арасынан, ол қол тигізбеген, үлкен ықпал жасамаган, елеулі із қалдырмаған бірде-бір салас болған жок. Осында қыруар еңбегін ол небірі 20 жылдан уақыт ішінде атқарып шықты. Жас ақын әдебиеттегі өз орнын табуга, өзінің шығармашылық бетін айқындаап алуға үлкен мән берді.

Ақынның ой-сезімінің қалыптасуына құшті әсер еткен зор тарихи оқиға 1812 жылғы Отан соғысы болатын. Ол Пушкиннің санасында мөңгі өшпес із қалдырылған. Россияда отанышылдық, азаттық идеялары кең қанат жайды. Халықтың еркіндігін, бостандығын темір курсаумен шырмалған патшалық құрылышқа наразылық үдей түсті. Патшага қарсы құреске шығып, батыл кимылдаған революцияшыл декабристер ескі дүниенің дүр сілкіндірді. Ол болашаққа, азаттық, идеяларыңың жеңелтіндігінен көміл сенді. Декабристер көтерілісінен кейінгі жылдарда Пушкин Россияның әр аймагында күн сарап қанат жайып, күш алғып келе жатқан шаруалардың революциялық қозғалысына үнемі көз тігіп, көңіл аударды, оған үлкен үміт арты. Жанашыл, алғыр ойлы, курескер ақын халықтың тарихын, әдебиетін, аныз-ертеңдерді, ескі жыр-дастандарды жақсы білді, қалыптасқан бай әдеби дәстүрлерден де іргесін аулақ салған жок.

Пушкин поэзияның бұрынғы әдебиеттегі ерекшелігін айқын таныттын қасиет - ондага азаттық, идеяларының қуаттылығы. Ақын Отандың сую сезімін, "қасиетті бостандықты" ансаушылықты айрықша қастерлең, тебіреніп айтады. Айдауда жүрген декабрист-акындармен өзінің шілдестігін, инеттестігін жасырмай үнемі жария етіп отырады. Ол күрс жолынан еш ауытқып, айнымайды. Тек ол азаттыққа жету жолындағы күрестің жаңа мүмкіндіктерін іздеді. Қогамдық мүддени, әр азаттыққа қогам алдындағы, халық алдындағы міндеттін Пушкин енді дәл өз кезеңінің, өз дәүірінің тілек-талаптары тұрғысынан қарап, терең түсінуге үмтілді.

Ол өзінің тұнғыш поэмасы "Руслан мен Людмила" немесе "Кавказ тұтыны", "Цыгандар" дастандарында орыс адамын әр елде, әр түрлі ортада алғып суреттегендеге өз заманының ең күрделі қогамдық мәселелерін қозғай білді. Соңғы дастаннан адам өміріндегі курс-тарыстаң шет қала алмайды деген тұжырымы өте-мөтө аңғарамыз. Пушкин халықтың тарихи тағдыры жайлай толғанғанда оны

өз дәүіріндегі қогамдық өмірдің түйіндерін шешу міндеттерімен шұғастырады. "Борис Годунов" драмасындағы тарихи дамудын бетін, үлкен-үлкен кезеңдерін белгілейтін ең басты күш - халық, халықтың мүддесі, иист-тілегі деген тұжырым - жазушының өз заманында жағасында айтылған шындық.

Оның аса кесек көркем түнніларының бірі "Евгений Онегин" - шын магынасында халықтың шығарма. Мұндағы басты кейінкерлер төмөнгі таптаң шықкан адамдар емес екен рас. Бірақ ең маңызы өзіне Онегин мен Татьяна, Ленин мемлекеттің ольга - осылардың қай-қайсысы болсын қарапайым халыққа қаншалықты жақындығы тұрғысынан бағаланды, олардың халық мүддесін түсіне білу - артықшылығы болса, халықтың ой-түсінігінен алшактығы - осалдығы болып шығады. Мұны қезінде В.Г.Белинский өте қисынды дәлелдеп көрсеткен болатын. Ол өз романында халықтың өмірін мейлінше толық, жан-жақты суреттейді, дворяндар мен шаруалардың өзара қарым-қатынасын да айқын көрсетеді. Халықтың құнделлік тұрмыс тірлігін, әдет-ғұрпын, әр алуан адамдардың мінез, іс-әрекетін, табигат көрінісін, бәрін де терең және көркем бейнелегендіктен бұл шығарма шын мәнінде "орыс өмірінің әнциклопедиясы" (В.Г.Белинский) болды.

Пушкин сол дәүірде жеке адамның қогамдағы орын қандай деген мәселені "Мыс салтатты" дастанында, әңгімелерінде әр жағынан алғып қарастырады, ол "Мыс салтатты" және "Полтава" дастандарында тарихи тақырыпты кеңінен қозғал, Россия мемлекеттің қуаты артқанын сүйсіне жырлайды. Ақын біраз шығармаларында халықтың позициялары көркемдік ой-сезімін өзін тенденсі жок ақындық шеберлікпен жеткізіп береді. Қарапайым халықтың, орыс шаруаларының тағдырын Пушкин "Дубровский", "Капитан кызы" сияқты шығармаларында шебер бейнелеген. Сонымен қатар ол "Пугачев тарихы" атты еңбек жазды. "Капитан кызы" және "Пугачев тарихы" шығармаларын жазар алдында ол қыруар тарихи деректер жиналы, архив материалдарын зерттеді, көтеріліс болған жерлерді арашып, Қазан, Симбирск, Орынбор, Орал қалаларында болды. Көтерілісті көзімен көрген адамдардың естеліктерін, ел арасында сақталған жыр, әңгіме-аңызды жазып алды. Мұның бәрі Пушкинде шаруалардың патшага қарсы көтерілісін, оның басшысы Пугачевтің бейнесін суреттегендеге - тарихи шындықты айналып дәл көрсетуге мүмкіндік берді. Ол Пугачевті халықтың тап ортасынан шыққан нағыз қарапайым адамға тән қасиеттегін - ерлігін, батылдығын, ақылдығын, қарапайымдылығын сүйсіне сипаттайтады. Жазушының Пугачев бастаған көтеріліске орыс шаруаларымен бірге басқа халықтар өкілдерінің - башқұрт, казак, кедейлерінің де қатысқанын суреттейі сүйсінерлік.

Пушкин өзі айтқандай, патшалық қатал заманда азamatтықты, бостандықты қасиеттеп, жырлады. Ол шығармаларында халық өмірін мейлінше кең қамтып, бұқара халық пен үстем тап өкілдерін, әр түрлі топтардың адамларын, олар есекен, әмир сүрген ортанды, табигат құбыльыстарын - бәрін де мольшан бейнелейді. Оның шығармаларында лирикалық сезім қандай нәзік, әсерлі болса, не нәрсениң де көрініс-кейіпін, боятустың сөзен мүсінділік суреткөрілік төсіндегі кемелінде келген. Мұнда ірі әлеуметтік-тарихи мәселелердің тереңдігі, түйін табуга жүйріктік, қоғамдық-саяси ой-шілділік өткірлігі, отты лебі окушысын баурағ алады.

Пушкин әдебиетті жаңа мазмұн, такырып идеяларын байыттың қана қойған жок. Сонымен бірге ол әдебиеттегі өмірді суреттейе әдісін де, бейнелеу тәсілін де өзгертип, түрлендірді.

Кеменгер ақын орыстың нағыз халықтық, үлттық әдеби тілін қалыптастырып, жүйеге келтіру міндеттін де ойдағыдай іске асырды. Пушкиннің бұл еңбекі күні бүгінге дейін маңызын жойған жок. Пушкин орыс тіліндең бірнеше саладағы яғні дәстүрлі болған кітаби тіліндегі, құнделлік тойлеу тіліндегі, бай аузы әдебиеттің сөздік корын екшеп, саралап, көркем әдебиеттеге мейлінше мол қолдануға жол ашты. Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің нәрі мен сөлін бойына өбден сініргенде гана көркемдік қуаты артып, мөлдір таза, керемет бай тіл бола алатының үлкін жазушы жақсы түсінді. Ол халық тіліндең байлығын қалай пайдаланудың, тілді қалай өндеп, ұстаудың тамаша үлгісін көрсетті. Оның шығармаларынан орыс тіліндегі сөздің терең мағыналылығы, бейнелілігі мен суреттілігі, тартымды әсемділігі мен қарапайымдылығы айқын сезіледі.

Оз Отанының жалынды патриоты болған Пушкин орыс халықмен жақын, тағдыры бір, туыстас барлық халықтардың өмірін үнділе қарады, олардың тілек-мүддесін, арманын терең түсінді. Кавказ халықтарының, сондай-ак, Россияның басқа да халықтарының өмірін, түрмис-салтын кеменгер ақынның жақсы болған жаңе біртала шығармаларында суреттеп отырыған белгі. Пушкин қазак жерінде, Орынбор, Орал қалаларында болды. Қазақтар өзінде қазак, халықтың сүйіспеншілік сезімін қарап, оның өміріне, әдет-ғұрпана, мәденітіне зер салды. Ол қазак жігіттерінің Пугачев бастаған шаруалар көтерілісінде бел шеше қатысқанын білүмен гана тынған жок, сонымен қоса қазак халықтың бай сөз өнеріне құмартыңызғып, ауыз әдебиеттің асыл нұсқаларының бірі - "Қозы Қоршап - Баян сұлу" дастаның жаздырып алды. Өмірінен соңғы кезеңінде жазылған белгілі "Ескерткіш" атты өлеңінде өз шығармаларын Россияның барлық халықтары оқытын болады дей келіп, осы өлеңінде қолжазба түрінде сакталған бір нұсқасында қазак халықы да атап кетеді.

Қазақ тарихында Пушкин мұрасына алғаш айрықша зер салып, өнеге еткендер Шоқан Үәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаев болған белгілі. Пушкинде тек ақын ретінде қызықтаумен тынған жок, терең зерттеп ізденуіне тірек етті. Абай Пушкиннің ен таудаулы түннідісі "Евгений Онегині" аса жогары бағалады, оның жеке үзінділерін бұдан бір гасырга таяу бұрын асқан көркемдік шеберлікпен қазакшалап берді. Абай қазак тіліне аударып, арнайы өз шығарған "Татьяна хаты" халық арасында откен ғасырдың аяқ кезінде ете кең тарап, ең сүйікті өлдөрлерін бірінде айналуы орыс ақынның ерте кезден-ак қазак халықына етеп жақын болып кеткенінде айқын дәлелі. Татьянаның тағдырын қыр елі қазақ қызының, әйелінің тағдырына орайлас сезінді. Татьянаның еркіндік сүйіштігі мен парасаттылығы, сабырлылығы қазақ жастарын де табирантты. Пушкиннің ұлылығын сол заманда, сол ортада отырып тани, бағалай білгендігі - Абайдың ұлылығының бір жарқын көрінісі. Абайдың Пушкинмен үндестігі, оны жақын тартып тегін емес еді. Ол қазақ әдебиеттіңде өз дәүірінде бір кезде Пушкин орыс әдебиеттіңде атқарған қызыметті атқаруды, сондай жұкті көтеруді мактап етті. Қазақ қогамы алдына қойған зор міндетті - жаңа реалистік әдебиетті қалыптастырыу ісін Абай тиенақтаған атқарған болса, оған орыс әдебиеттіңін асқар албы Пушкиннің әдеби мұрасының дәмегі тилемей қалған жок. Тек осының өзі ғана Пушкин мұрасы, есімі қазақ әдебиетімен қаншалықты жақын болып кеткендігін ақын көрсетсе керек.

Бұған коса қазақ халықының Пушкинге деген ықыласының көрінісі ретінде "Евгений Онегині" халық ақындары революциядан бұрын-ак дастан етіп айттып жүргенін және "Капитан қызының" қазақ тіліне аударылып, 1903 ж. басылып шыққанын атап откен жөн. 20 г-дағы бас қезіндегі қазақ әдебиеттіңін көрнекті өкілдері Шекерім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанахмұт Торайтыров, Қошке Кеменгеров Спандир Қебесов, Мұхамеджан Сералин, Бекет Өтегілеуов Пушкин шығармаларынан көп нәр алды. Қазіргі қазақ жазушыларының ішінде Пушкинде оқымайтын, оның үйренбейтіні жок. Жыр албы қарт Жамбыл Пушкинде арнап өлең шығарып, үлкін жаңы құрметпен испаралап етіп, қазақ халықының сүйіспеншілік сезімін жеткізген болатын. Қазақ әдебиеттің түннідісі "Абай жолы" роман-әпологиясында Пушкиннің өнерпаздығы, Абай арқылы бүкіл қазақ мәдениетінен тигізген ігілікті ықпалы көркем бейнеленген. Мұның өзі Пушкин шығармалары, үлкін ақынның бейнесі Мұхтар Әуезовке де шабыт беріп, оны рухтандырғанын аңтартады. Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аударуда Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дұлатов, И. Жансүрісов, К. Аманжолов, Т. Жароков, Ә. Тұрманжанов, Ә. Тәжібаев, К. Тогызаков, Ф. Орманов, Ә. Серсенбаев, К. Бекхожин, К. Шаңғытбаев, Ж. Молдагалиев сияқты көрнекті ақындарымыз елеулі енбек сінірді.